

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.82.30

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.04>

*Әбдігазиұлы Б.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
филология ғылымдарының докторы, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru

**МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ:
КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**

Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі ақын, білімдар философ, тарихшы М.Көпейұлының әдеби мұрасының зерттелуі жайында сөз болады. Өз заманының әлеуметтік шындығы мен ел өмірінің жағдайын мейлінше шынайы суреттеп өткен ақынның тағдыры қаншалықты күрделі болса, оның шығармалары да халқына қиындықтармен жетті. Ақын мұралары туралы пікір білдірген алғашқы мақалалардан бері қарай қысқаша шолу жасай отырып, Мәшһүртану саласында бүгінгі таңда еңбек етіп жүрген белгілі ғалымның шығармашылық жолына талдау жасалады. Ақын шығармалары қазіргі уақытта халықтың рухани мәдениеті үшін үлкен маңызға ие. М.Көпейұлы өз заманының ірі тұлғасы, рухани көсемі, терең ілім иесі болды. Ақынның өмір сүрген кезеңі аса күрделі, өтпелі кезеңдермен, аласапыран уақыттармен тұспа-тұс болды. Мәшһүр есімі ел жүрегінде тек ақындығымен емес, әулие, діндар, тақуалығымен және ешкімге ұқсамайтын таңғажайып өмір жолдарымен де қалды. Ақын шығармашылығы өзінің мол рухани тәжірибе арналарымен халықты діни, адамгершілік құндылықтармен сусындатып келеді. Халықтың ақын шығармаларына деген ішкі сұранысына сай Мәшһүртанудың зерттеу арналары да кеңейіп келеді.

Түйін сөздер: рухани қазына, Мәшһүртану, заман шындығы, сөз өнері

*Абдигазизұлы Б.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абай,
Алматы, Казахстан
доктор филологических наук, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru

**ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЙУЛЫ:
ВЧЕРА И СЕГОДНЯ**

Аннотация

Статья посвящена изучению литературного наследия известного поэта, философа, историка Машхура Жусупа Копеевича, жившего во второй половине XIX - начале XX века. Чем сложнее судьба поэта, точнее описывающего социальные реалии своего времени и положение жизни в стране, тем труднее доходили его произведения до народа. Кратко рассматривая творчество поэта с первых статей, в статье анализируется творческий путь известного ученого, ныне работающего в области научно-популярной тематики. Машхур Жусуп Копеевич был выдающейся личностью своего времени, духовным лидером,

носителем глубокого учения. Сколько периодов мы пережили в истории, а период жизни поэта совпал с самыми сложными, переходными периодами, смутными временами. Имя Машхур Жусупа осталось в сердце страны не только поэтичностью, но и святым, набожным, благочестивым и ни на кого не похожим удивительным образом жизни. Творчество поэта своим большим духовным опытом наполняет народ религиозными, нравственными ценностями. Расширяются и исследовательские каналы Машхуртану, отвечающие внутренней потребности народа в произведениях поэта.

Ключевые слова: духовное сокровище, Машхуроведение, научно-популярная, современная реальность, словесное искусство

**Abdigaziuly B.¹*

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,*

Almaty, Kazakhstan

doctor of Philology, professor, b.abdigaziuli@mail.ru

LITERARY HERITAGE OF MASHKHUR ZHUSUP KOPEYULY: PRESENT AND PAST

Abstract

The article is devoted to the study of the literary heritage of the famous poet, philosopher, historian Mashhur Zhusup Kopeyuly, who lived in the second half of the XIX-early XX centuries. The more complicated the fate of the poet, more accurately describing the social realities of his time and the situation of life in the country, the more difficult his works reached the people. Briefly considering the poet's work from the first articles, the article analyzes the creative path of a famous scientist now working in the field of popular science. Mashhur Zhusup Kopeevich was a famous person of his time, a spiritual leader, and a master of deep teachings. The name of mashhur Zhusup remained in the heart of the country not only for his poetry, but also for his Holy, devout, piety and amazing way of life, unlike anyone else. The poet's work, through its rich channels of spiritual experience, saturates the people with religious and moral values. In accordance with the domestic demand of the population for the works of the poet, the research channels of Mashkhurtu are also expanding.

Keywords: spiritual treasure, study Mashhur's heritage, popular science, modern reality, verbal art

Кіріспе. Ұлттық әдебиетіміздің бүгінге дейінгі даму жолында әрбір тарихи кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік сипаты мен табиғатына сәйкес әралуан құбылыстардың, өзіндік ерекшеліктердің болғаны баршаға мәлім. Сонау көне заманнан бері қарай өмірге келген әрбір туындының түп тамырында өз дәуірінің тынысы мен өмір салты, ой-арманы мен түсінікпайымы жатыр. Әріге бармай-ақ, ұлттық сөз өнерінің дамуындағы елеулі бір кезең болған он тоғызыншы ғасырдың, одан кейінгі сан алуан төңкерістер мен өзгерістерге толы жиырмамыншы ғасырдың табиғатын сан қырынан танытатын ақын-жазушылар мен әдеби туындылар қазақ әдебиетінің тарихына айрықша үлес болып қосылғанын айтсақ та жеткілікті.

Дана ойшыл Абайдан соңғы әдеби үдерістергі өлшеусіз рухани қазынамыз ғаламдық өркениет шалқарынан өзіне лайық орын алып отырған бүгінгі қазақ мәдениетінің биік мәртебесіне дәлел бола алса керек. Үстіміздегі жылы ұлтымыздың мақтаныштары – есімдері мен еңбектері адамзат тарихындағы ұлы тұлғалармен иық тіресе алатын даналарымыз – әл-Фараби мен Абайдың айтулы мерейтойларын бүкіл әлем жұртшылығы айрықша атап өткендігі осының айғағы.[1]

Ұлтымыздың рухани қазынасындағы әлем мойындаған осындай жауһарларымыз бен асылдарымыздың мейлінше жарқырап көрінуінде қазақ әдебиеттану ғылымының ролі айрықша болғаны ақиқат. Абай дәуірінен бері қарайғы әдеби үдеріс шежіресін парақтасақ ұлы ақынның өз ұрпақтары Ақылбай мен Мағауия, жаңашыл дәстүрін жемісті жалғастырған шәкірттері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әріп Тәңірбергенов, Әсет Найманбаев, Нарманбет Орманбетұлы, Көкбай Жанатаев, Тайыр Жомартбаевтардан басталған таланттар жайында бірқатар сүбелі зерттеулер, құнды еңбектер дүниеге келді. Әдебиет тарихының осы бір елеулі кезеңі жайындағы зерттеу еңбектері әсіресе өткен ғасырдың соңғы онжылдығынан бергі уақытта көптеп жазылды.[2]

Талқылау. Міне, осы кезеңде өмірі мен шығармашылығы шынайы ғылыми зерттеудің нысанына айналған көрнекті қаламгер - ақын, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиетін жинаушы, жан-жақты ғұлама тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды. Бұдан он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырманшы ғасырдың отызыншы жылдары аралығында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіптің есімі мен мұралары бұрын белгісіз болып келген еді деген ой тумаса керек.

Ғұлама ақынның туындылары мен сөздері бұған дейін де қазақ сахарасынан тыс жерлерге мәлім болған-ды. Оның “Мәшһүр” атануының өзі тегін емес болатын. Ол туралы әр жылдары М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, І.Жарылғапов, Қ.Бейсенбиев, т.б. көрнекті ғалымдар, түрлі ғылым салаларының өкілдері ой пікірлерін білдірген болатын. Әрине, сөз жоқ, Мәшһүр Жүсіптің мұрасы туралы айтылған пікірлер әр кезеңде әртүрлі болып келді. Коммунистік идеология түсініктері тұрғысынан оның шығармаларын біржақты қолдау қиынға соқты.

Оның басты себебі ең алдымен Мәшһүр Жүсіп Көппевтің жан-жақты сауаттылығы, білімдарлығы, өз аумағында ғана емес, бүкіл қазақ жеріне атының мәлім тұлға болуында еді. Патшалық Ресей атқамінерлері осыдан сескенді. Олар Мәшһүр Жүсіптің сөзі халық бұқарасына танымал әрі ықпалды екенін білді. Қазақ даласындағы тұңғыш газет “Дала уәлаятында” ұдайы жарияланып тұрған мақалаларында қаламгер заман шындығын, биліктің жымысқы саясатын мысқалдап сынап отырды. Тарихтан белгілі 1905 жылғы толқулардан кейін сөз бостандығына аз ғана болса да жол ашуға мәжбүр болған патша өкіметінің Қазан манифесінде берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, өзінің “Хал-ахуал”, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі” атты кітаптарын жариялады. Әсіресе ақынның соңғы кітабында патша отаршылдарының басқыншылық саясаты мейлінше әшкереленді. “Қазақ бұл иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кешегі Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаудай алысып, жаттай салысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз, сарбаздары жау жолында оққа ұшып өліп, сүйтіп, алған жер еді”, - деп, ендігі жерде осы жерді патша отаршылары тартып алып жатқанын жазады ол [3, 58].

“Баспа бетіндегі уақытша берілген кеңшілікті пайдаланып, патшалық Ресейдің отарлау саясатының астарын, жер тартып алуын, сөз, пікір айтуға шектеу қоюын қазақ зиялылары ішінде ең алғашқылардың бірі болып әшкерелей бастаған Мәшһүр Жүсіп екені белгілі” [4, 400].

Ол араб, парсы, шағатай тілдерін білу арқылы өзі білім алған Орта Азиядағы белгілі шаһарлар Ташкент, Бұхаралардың кітапханаларында сақталған көне мұралармен танысты, аса құнды мәліметтерді жинақтап қағаз бетіне түсірді. “Осы жылдары түрколог-академик В.В.Радловпен танысып, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыру ісімен айналысты” [5, 9] Қазақ даласын көктей аралап, ел ішіндегі ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, фольклорлық мұраларды жинастырып “Мес” жинағына топтастырды.

Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда да Мәшекең кеңестік идеологияның түп мақсатында отаршылдық пиғылдың жатқанын астарлап жеткізетін шығармалар жазуын жалғастырды.

Міне, осындай себептермен аса білімдар Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімі қазақ даласына кеңінен танымал болғанына қарамастан, оның шығармалары қалық бұқараға көпке дейін жете қоймады. Тек жиырмасыншы ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап ақын шығармашылығы оқулықтарға енгізіліп, кеңірек оқытыла бастады.

М.Ж.Көпеев туралы алғашқы мақаланы академик Әлкей Марғұлан жазып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады.[6] Бұдан кейінгі кезеңде Мәшһүртану бағытында белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев көп еңбек сіңірді. Өзінің “Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары” атты кітабында алғаш рет ол туралы қысқа да болса нақты деректер ұсынды. [3, 57-66]

Еліміздің тәуелсіздік алуы осындай әралуандықты жойып, қаламгер мұрасына таза шығармашылық тұрғыдан, көркемдік-эстетикалық көзқарас биігінен қарай отырып баға беруге жол ашты. Осы тұста көрнекті ақын, сан қырлы талант иесі Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығын жаңа таным талғамына сай ғылыми зерттеуді қолға алған ғалым бүгінде ғылым мен білім беру саласын ұштастыра еңбек етіп келе жатқан белгілі әдебиеттанушы ғалым Сейфитден Сүтжанов болатын. Тәуелсіздіктің таңы енді шапағын шаша бастаған кезде қолға алған зерттеуді ғалым өз өмірінің негізгі өзекті мақсаты деп есептеді. Өзі де қасиетті Баянауыл топырағында туып-өскендігі бар, оған қоса сол өңірдегі көнекөз қариялардың аузындағы ақын туралы әңгімелерге қанық Сейфитден үшін бұл тақырыптың маңызы ерекше еді. Ұстазы академик Серік Қирабаев та, Ертіс өңірінде ұзақ жылдар жауапты қызметтер атқарған, тоқсаннан асқан әкесі Назымбек ақсақал да жас ғалымның бұл талпынысын қуана құптап, ақ баталарын берген болатын.

Ғалымның алдынан Мәшһүр ақынның өмір жолы, білім алған орындары, әрбір шығармасының жазылу тарихы жөніндегі ауызша деректер мен әдебиеттанушы, тарихшы, философ, т.б. ғалымдардың түрлі сипаттағы еңбектері, ол еңбектерде берілген әрқилы баға пікірлер молынан жайылды. Мақсат – осынау шашыраңқы деректерден шынайы ғылыми тұжырымға лайық, объективті бағалау принципіне сәйкес келетіндерін талғаммен таразылай отырып, өз бағасын беру. Өз бағасын беру дегеннің астарында сан қырлы талант иесі Мәшһүр Жүсіптің ұлттық сөз өнерінің қазынасына қосқан мол үлесіне лайықты баға беру, ақынның ұлттық әдебиет тарихындағы өзіндік орнын нық орнықтыру міндеті жатқан еді.

Талмай іздену барысында ғылыми басылымдарда алғашқы мақалалары жарық көрді. Ақын төңірегіндегі түрлі пікірлерді сараптай келіп, салмақты тұжырымдар жасаған бұл мақалалар әдебиеттанушылар ортасында ә дегеннен қолдауға ие болды. Мәшһүртану саласының шынайы өркендеу кезеңі басталды деген пікірлер айтыла бастады. Бұл пікірлер, сөз жоқ, жас зерттеушінің ұмтылысына қанат байлап, алға талпындырды. Соның нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше ғылыми зерттеу кітаптары жарық көрді.

Бұл кітаптардың тағы бір құнды жағы – тек ғылыми ортаға ғана арналмай, ақын шығармашылығын жас ұрпаққа жеткізу мен таныстыруға бағытталуында дер едік. Бұл бір жағынан С.Сүтжановтың педагогикалық қызметімен тікелей сабақтасып жатқандығынан еді. Атап айтқанда, зерттеуші ғалымның 1994 жылы жарық көрген “М.Ж.Көпейұлының шығармашылық өмірбаяны” атты әдістемелік нұсқауы, 2001 жылы шыққан “Мәшһүр мұрасы” атты оқу құралы, одан кейін жарияланған “Мәшһүртану курсы. Дәрістер жинағы” оқу құралы, міне осы мақсатта туып, шәкірттер жүрегіне ақын мұрасының нұр сәулесін түсіруде өлшеусіз қызмет атқарды деп айтуға толық мүмкіндік береді.

Осылайша ғылымын ұстаздық қызметімен сабақтастыра өрбіткен Сейфитден Назымбекұлы Сүтжанов 1994 жылы “Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Нәтижелер. Тұтастай алғанда, Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы туралы зерттеу ғалымның өмір жолына үзілмес арқау болып тартылған ғылыми желі десе болғандай. Оның бүгінге дейінге қалам тербеген тақырыптарының қай-қайсысы да Мәшһүр бабамыздың мұрасымен тығыз байланысты, ажырамас бірлікте.

Ғылымның жолын “инемен құдық қазғандай” деп жатамыз. Ғалымның қаламын инеге теңесек, шындығында да қаламның ұшы дәлдеп тиген жерден болашақ мол қазынаның бастау көзі ашылады. Талантты зерттеуші Сейфитден Сүтжановтың қаламы да Мәшһүр атасының әруағы қолдап мол зерттеулерге жол ашты. Ең алдымен, ол Мәшһүр ақын туып-өскен Баянауыл топырағынан шыққан халқымыздың аяулы ұл-қыздары, көрнекті қайраткер тұлғалар жөнінде зерттеулерге ден қойып, өлкетану саласында бірқатар құнды дүниелер жазды. Атап айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Сәбит Дөнентаев, Қалижан Бекхожин, т.б. туралы жазылған зерттеулері арқылы “Аймақтық тұлғатану” курсының негізін қалады. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде өмірге келген бұл ғылыми курсты көп жылдардан бері оқу орнындағы “Абайтану”, “Мәшһүртану” дәрістерімен қатар Сейфитден Назымбекұлының өзі талмай жүргізіп келеді.

Ғалым С.Сүтжанов үшін Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы арқылы ашылған тағы бір бастау көз – қазақ әдебиеті мен түркі халықтары мәдениетінің байланысы жөніндегі мол арна болды. Шығыстың бірнеше тілін меңгерген, әйгілі медреселерде білім алған және шығыс елдерін көп аралаған Мәшһүр атасының ғибратты жолы Сейфитден Назымбекұлын осы арнаға салды. Соның нәтижесінде ол түрік тектес халықтардың әдебиеттерін салыстырмалы түрде зерттеу мақсатында Омбы, Өфө, Қазан, Ташкент, Бішкек, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы белгілі мұрағаттарда сарыла отырып зерттеудің нәтижесінде “XX ғасыр басындағы қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты” тақырыбында ғылыми зерттеу еңбегін жазып, 2006 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жоғары мәртебелі Ғылыми кеңесінде филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне арналған докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

Бүгінге дейін осы салада ғалымның отандық және шетелдік басылымдарда 200-ге тарта ғылыми мақаласы жарияланды. “Қазақ-түркі әдеби байланыстары”, “Рухани алмасу арналары”, “Алаш және түркі руханияты” атты құнды монографиялары жарық көрді.

Ғалымның қалам тербеген тақырыбы аласапыраны мол жиырмасыншы ғасырдың басына қатысты болғандықтан Алаш қайраткерлері де назардан тыс қалмайды. С.Сүтжанов Алаш әдебиетінің өрісін де тікелей түркі халықтарының әдебиетіндегі құбылыстармен сабақтастыра тұтас қарастырады. “XX ғасыр басындағы жаңа толығып, толыса бастаған қазақ әдебиетінің барынша дамуына оның басқа ұлт әдебиетімен, әсіресе түбі бір түркі халықтары әдебиетімен рухани байланыс жасауы игі ықпал етті”, - деп тұжырым жасайды ғалым. [7, 3]

Бастауын қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұраларын зерттеуден алған ғалымның ізденіс жолы ұлттық әдебиеттану ғылымына елеулі үлесін қосты, әдебиет тарихына, кезеңдік әдеби үдеріске қатысты бірқатар жаңа мәселелер төңірегіндегі тың деректерді ғылыми айналымға түсірді, ғалымның өзін де мәртебелі биікке көтерді. Ол ғылыми ізденістерін Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетіндегі ұстаздық қызметімен қатар алып жүрді. 2007 жылы “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” мемлекеттік грантын жеңіп алды. Университет профессоры, кафедра меңгерушісі, факультет деканы ретінде Ертіс аймағына педагог мамандар даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Оның ұйтқы болуымен алғаш рет аймақтық деңгейде ұйымдастырылған “Мәшһүр Жүсіп оқулары” кейінірек республикалық көлемдегі дәстүрлі конференцияға ұласты. Өзі бүгінде еңбек етіп жүрген Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы әдеби-педагогикалық “Ұлағат” ғылыми зерттеу орталығында Ыбырай Алтынсариннің әдеби-педагогикалық шығармашылығы туралы бес томдық зерттеулер жинағын шығаруға атсалысты. Педагог мамандар даярлау бағытында екі ғылым кандидатына ғылыми

жетекшілік жасады. Мұның сыртында Ертіс өңіріндегі қазақ тілі мен әдебиетін насихаттаушылардың, руханият жанашырларының қатарында атқарып келе жатқан істері де бір төбе.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан өз кезеңінің тұтас даналығын, халықтың өмір сүру формасы мен философиясын, сондай-ақ эстетикалық көзқарастарын айқын көруге болады. Ақынның өмір сүрген кезеңі әдебиеттанудағы түр мен жанр түрлерінің фольклордан енді ғана сепарациялана бастаған кезі, қазақ қоғамының саяси ахуалы секілді, ғылымның да өтпелі сипаттағы тұсы болатын. Бәлкім содан болар, ақын өлеңдерінде ұлттық дүниетаным ерекшеліктері, дидактикалық сарын мен діни сарын жалпыхалықтық көзқарастар тұрғысынан кең әрі терең түрде көрініс тауып отырады. Оның ішінде күллі халықтың сакральдық ілімдері, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибесі мен өмір сүру психологиясы, ұлт жанының ең сұлу, шығыс халықтарына тән нәзік те қайталанбас түпкі болмысы мен сырлары – кеңестік бұғауға бой бермеген ақын әлемінің түпқазығы жатыр. Ақын шығармашылығын тұтастай қарастырғанда, халықтық танымдағы өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, махаббат, адамгершілік, қайғы мен қуаныш, бақыт сынды философиялық ұғымдардың мәні ашылып отырады. Ақын шығармашылығы арқылы біз қазақ халқының болмысы мен мәдениеті трансформацияға ұшырай қоймаған, қаймағы бұзылмаған бейнесін көре аламыз. Сол себепті де Мәшһүр Жүсіп – қазақ даласының феномені, өз заманының таңғажайып тұлғасы болып қала бермек.

Ақын тұлғасы өз заманында хақты танып, елді жақсылыққа, өнер-білімге шақырып отырған дана әрі тақуа адам ретінде белгілі болған. Оны ақынның келесі өлең жолдарынан анық аңғарамыз:

“Құдайдың шеберлігін көзіңмен көр,
Тіреусіз тұрған жоқ па көк пенен жер.
Алланың ризалығын шын ойласаң,
Баланы кішкентайдан оқуға бер.
Баланы оқуға бер жас басынан,

Алланың құр қалдырмай олжасынан” [8]. Өлеңде оқуға үндей отырып, алдымен ақын оның мәнін адам өмірінен тыс бір тылсыммен, яғни «Алла ризалығымен» байланыстыра отырып түсіндіреді. Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі дәстүрлі халық өлеңдеріне ұқсас болып келеді. яғни ұлттық дүниетаным, көзқарасты және өзіндік ішкі нанымын көрсете келіп, соңы нақылға ұласып отырады.

Ақынның ендігі бір өлең жолдарында дін мен дәстүрдің қабысуынан тұрмыстық өмірдегі жақсы әдеттердің қалыптасып, мәдениеттің бір бөлігіне айналатыны көрініс табады:

“Біздерге сәлем беру болды сүннат,
Пайғамбар сүннатын тұт, болсаң үмнат.
Сәлемнен табылады жиырма сауап,

Наданға білмейтұғын бұ да қымбат” [8]. Мұнда тұрмыстық өмірдегі қарапайым әдеттердің сакральді мәні түсіндірілген. Сәлем берудің түп төркіні пайғамбардан бастау алып, дәстүрге айналғанын ұғынамыз. Ақынның қай шығармасын алсақ та, тереңнен бастау алатын халықтық ілімдердің тұнығына сүңгіп, ой маржандарын сөзге тізген шеберлікті, әулиелікті көреміз.

Қорытынды. Көрнекті Алаш қайраткері, қарымды қаламгер Қошқе Кеменгерұлы “Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді” деген екен кезінде. Елі мен жерінің азаттығы жолында аянбай күрес үстінде ғұмыр кешкен осынау ұлы тұлғалардың қысқа да нұсқа, дәл де нақты айтылған данышпандық пікірі біз үшін, болашақ ұрпақтар үшін өшпес ұстаным, өзгермес бағыт.

Бұл мақалада Мәшһүртану саласының кейбір өзекті мәселелерін сөз ете отырып, осы бағытта кешегі қазынамызды қайта тірілтіп, ортамызға әкелген, сол арқылы бүгінгі байлығымызды молықтырып, ертеңге ұсынар мұраларымызды еселеуге үлес қосып келе

жатқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейфитден Назымбекұлы Сүтжанов жөнінде, оның ғылыми шығармашылығына қатысты ойларымызды ортаға салдық. Ұлттық әдебиеттану ғылымына Мәшһүртану арқылы қосылып жатқан жаңа арналарға көз жібердік.

Жоқты тауып, барды бағалай білгенге не жетеді?!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев Қ-Ж . Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан (қазақ, ағылшын, араб, испан,қытай, орыс, француз тілдерінде). – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,2020. –114 б.
- 2 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті:Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы:2007.- 231 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары.- Алматы:Қазақ мемлекет баспасы,1958.-308 б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы.Он томдық.6-том.-Алматы:ҚАЗАқпарат, 2006. – 610 бет
- 5 Сүтжанов С. Мәшһүр мұрасы.-Павлодар:НПФ «ЭКО»-2001.-104 б.
- 6 Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті газеті, №2, 5 қаңтар 1940 ж.
- 7 Сүтжанов С.Қазақ-түркі әдеби байланыстары. Монография. –Павлодар: ПМПИ, 2005. – 204 бет.

References:

- 1.Toqayev K-J . Abai jane XXI gasyrdağy Kazaqstan (qazaq, agylsyn, arab, ispan,qytai, orys, fransuz tilderinde). – Nur-Sultan: L.N.Gumilev atyndağy EUU,2020. –114 b.
2. Abai dasturi jane qazirgi qazaq adebieti:Respublikalyq gylimi-teorialyq konferensia materialdary. –Almaty:2007.- 231 b.
3. Kenjebaev B. Kazaq halqynyn XX gasyr basyndağy demokrat jazusylary.-Almaty:Kazaq memleket baspasy,1958.-308 b.
- 4 Kazaq adebietiniñ tarihy.On tomdyq.6-tom.-Almaty:Kaz aqparat, 2006. – 610 bet.
- 5 Sutjanov S. Maşhur murasy.-Pavlodar:NPF «EKO»-2001.-104 b.
- 6 Margulan A. Kazaq adebieti gazeti, №2, 5 qañtar 1940 j.
- 7 Sutjanov S.Kazaq-turki adebi bailanystary. Monografia. –Pavlodar: PMPİ, 2005. – 204 bet.

МРНТИ 17.82.30

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.05>

*Әбдіғазизұлы Б.,¹ Атолла Қ.Қ.²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

¹филология ғылымдарының докторы, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru

²магистр, atolla@mail.ru